



№2

(1844)

Жұма, 17-қаңтар
2025 жыл



Қоғамдық-саяси газеті

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады

12+



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



Үміт болашағы өз қолымызда!

Талдықорған

ЖАҢАНДЫҚ ЖИЫН

«АБУ ДАБИДІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ АПТАЛЫҒЫ» САММИТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары аясында «Абу Дабидің орнықты даму апталығы» саммитіне қатысты. Жиынға орнықты дамудың жаһандық сын-қатерлерін талқылау үшін әлем көшбасшылары мен сарапшылар келді.



Мемлекет басшысы саммитте бірінші болып сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде әлем климаттың өзгеруі, қуаңшылық, биоалуантүрліліктің жойылуы, су тапшылығы және азық-түлік қауіпсіздігі секілді аса өзекті проблемалармен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті. Геосаяси шиеленіс пен жеткізу тізбегінің бұзылуына байланысты бұл жағдай одан сайын ушыға түсті. Президент Қазақстанның аталған түйткілдерді үш басты бағытқа, атап айтқанда, цифрландыру мен жасанды интеллект, ірі инфрақұрылымдық жобалар және ядролық энергетика салаларына негізделген стратегия арқылы шешуге ниетті екенін жеткізді.

– Бүкіл әлем бойынша парниктік газ шығарындыларының 75 пайызы энергетикалық жүйелерге тиесілі. Биоалуантүрліліктің 10 пайызы соның салдарынан жойылады. Осы тұрғыдан алғанда, Masdar, Total, Eni сияқты халықаралық серіктестердің Қазақстанда жалпы қуаты 43 ГВт болатын жасыл энергетика жобаларын жүзеге асыруға міндеттеме алуының мәні зор. Еліміздегі алғашқы атом электр станциясының құрылысы отандық энергетика саласын орнықты дамыту бағытындағы елеулі қадам болмақ. Бұл бастама жалпыұлттық референдумда қолдау тапқан. Сонымен қатар Қазақстан әлемдік нарыққа аса маңызды шикізат түрлерін жеткізуге ұмтылып отыр. Ауаға тарайтын көміртегі мөлшерін азайту жөніндегі жаһандық мақсатты орындау үшін бұл материалдар өте қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұдан соң Президент көлік инфрақұрылымының маңызына тоқталды.

– Еуразия құрлығындағы жетекші транзиттік торапқа айналған біздің ел үшін орнықты дамудың тағы бір маңызды алғышарты – көлік және транзит саласы. Біз көлік инфрақұрылымына, атап айтқанда, автомобиль және темір жолдарының, әуежайлар мен теңіз аймақтарының құрылысына инвестиция салуды белсенді түрде қолға алдық. Байланыс мүмкіндіктерінің аясын одан әрі кеңейту үшін Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағыты мен Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізін дамытуға, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» бастамасында елеулі рөл атқаруға ниетті. Мақсатымыз

– өңіраралық қатынастарды нығайтып қана қоймай, орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ететін тұрақты жеткізу тізбегін қалыптастыру, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаһандық жылыну – Орталық Азия үшін басты сын-қатердің бірі.

– Жылыну үдерісінің үдей түсуі экожүйелерге, тұрмыс-тіршілікке және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Сол себепті тез арада климатқа бейімделу стратегиясы қажет. Сондай-ақ біздің өңір трансшекаралық өзендерге тәуелді. Сондықтан бізге ерте ескерту жүйесін құрып, су және жер ресурстарын басқару ісін жетілдіру керек. Бұл ретте су үнемдеу технологияларына инвестиция салып,

ирригация жүйелерін жаңғыртуға тиіспіз. Су ресурстарын тиімді басқару келісімдеріне қол жеткізіп, жасанды интеллекттің, жерсерік арқылы мониторингтің және басқа да цифрлық құралдардың көмегіне жүгінгеніміз жөн, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігіне баса назар аударып, күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселенің бірі ретінде атады.

– Әлемдік нарықты азық-түлік өнімдерімен және тыңайтқыштармен тұрақты қамтамасыз ету үшін инновациялық тәсілдер қажет. Қазақстан халықаралық нарыққа мол көлемде бидай мен ұн экспорттайтын ел ретінде орнықты ауыл шаруашылығының әдістері мен тех-

нологияларын одан әрі жетілдіруді көздейді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, аталған сын-қатерлерге төтеп беру үшін әлемге жаңа даму парадигмасы керек. Ол орнықтылық, әділдік пен тұрақтылық ұғымдарына негізделуге тиіс. Жаһандық проблемаларды үш маңызды қағидатқа арқа сүйеген біртұтас жүйе арқылы шешуге болады.

– Бірінші, «жасыл» қаржыландырудың қолжетімділігі. Оның көлемі елеулі түрде ұлғаюға тиіс. Екінші, технология трансферті, техникалық қолдау және ғылыми зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың аясын кеңейту. Күн энергиясы, «ақылды» ауыл шаруашылығы, көміртегі сүзгісі және жасанды интеллект негізіндегі климаттық технологиялар өртүрлі инновациялық шешімдер ұсынады. Үшінші, климаттың өзгеруіне қарсы күрестегі басымдықтардың, экономикалық даму мен жасанды интеллекттің синергиялық ықпалдастығы. 2030 жылға қарай жаһандық ішкі жалпы өнімнің 16 пайыздан астамын осы үш бағыттың өзара үйлесімі қамтамасыз етуі мүмкін. Бұдан шығатын қорытынды: мемлекеттер орнықты даму саласындағы түрлі мақсаттарға барынша икемді әрі дербес тәсіл қолданғаны дұрыс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөз соңында аталған саммит орнықты даму саласындағы алдағы онжылдықтарға арналған басымдықтарды айқындап, әрекеттерді үйлестіретін маңызды алаңға айналуына тілектестік білдірді.

Саммитте Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Руанда Президенті Поль Кагаме, Финляндия Премьер-министрі Петтери Орпо, Малайзия Премьер-министрі Ануар Ибрагим, Халықаралық табиғатты қорғау одағының президенті Разан Әл Мұбарак және басқалар сөз сөйледі.

Akorda.kz

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

САУДА САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ ТАПСЫРЫЛДЫ

2025 жылғы 14 қаңтардағы Үкімет отырысында Премьер-Министр Олжас Бектенов ҚР Сауда және интеграция министрлігіне елдегі барлық сауданы, соның ішінде тұрмыстық дүкендерді цифрландыруды тапсырды, деп хабарлайды Zakon.kz.

Үкімет басшысы Қазақстанда онлайн-сауда өте танымал екенін атап өтті. Өткен жылы оның көлемі 3,2 трлн теңгеден асып, барлық бөлшек сауданың 14,5 пайызын құрады. Өнеркәсіп 300 000-нан астам жұмыс орнын құрды, ал өнімділік өсімі дәстүрлі дүкендер мен нарықтағы сатылымдармен салыстырғанда 30%-дан асты.

«Біздің нарықтың айтарлықтай үлесін шетелдік интернет-платформалар алып жатыр, біз оларды отандық тауарлардың

экспортын арттыру үшін тиімді пайдалана аламыз. Екінші жағынан, тұтынушылардың құқықтарын, зияткерлік меншікті және азаматтарымыздың жеке деректерін қорғауға қатысты сұрақтар туындайды. Базарлардағы тауарлардың сапасы да сұрақ туғызады. Шетелдік платформалар ғана емес, ішкі базарлар да сапаға кепілдік бермейді. Өнімнің түпнұсқалығы туралы ақпарат жиі жоқ, бұл

тұтынушылар үшін де, жосықсыз бәсекелестікке тап болған өндірушілер үшін де қауіп тудырады», – деді Олжас Бектенов.

Сонымен қатар, наурыз айының соңына дейін ел ішінде де, халықаралық деңгейде де тауарларды жеткізудің тиімді тізбегін қалыптастыру, сондай-ақ электрондық коммерцияны мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларын әзірлеу тапсырылды.

«Бұған дейін электронды коммерцияны 2027 жылға дейін дамыту жоспары қабылданған болатын. Дегенмен, оны отандық бизнес-қоғамдастықтың ұсыныстары мен базарлармен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, қазірдің өзінде жаңарту қажет.

Бұл жұмысты ҚР Үкіметі аяқтауы керек, наурыздың соңы», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сөз соңында «Қазпоштаның» әлеуетін арттыруды тапсырды.

Оператор кең ауқымды филиалдар желісі бар халыққа қызметтердің кең спектрін ұсынады, компания үлкен шығындарға ұшырайды және белсенді дами алмайды. Цифрландыру және сауда министрліктеріне бір ай мерзімде ұлттық пошта операторын дамыту жоспарын әзірлеу тапсырылды.

Бұған дейін Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиев Қазақстан электронды коммерция саласындағы шет мемлекеттердің тәжірибесін қабылдауға дайын екенін мәлімдеген болатын.



ЕЛ ЖАҒАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАНКТЕР ЖАҢА СТАНДАРТҚА КӨШТІ

Қазақстанның төлем жүйелері, екінші деңгейлі банктер мен төлем жүйесінің өзге де қатысушылары төлем хабарламаларының халықаралық ISO 20022 стандартына өтті. Бұл туралы Ұлттық банк хабарлады.

Жаңа стандартты ескере отырып жаңғыртылған төлем жүйелері мен банктердің ақпараттық жүйелері 2025 жылғы 13 қаңтардан бастап жаңа форматта іске қосылған. Банктер клиенттердің төлем тапсырмаларын ақпараттық жүйелердің жұмыс кестесіне сәйкес әдеттегі режимде, еш шектеусіз және кідіріссіз қабылдап жатыр.

«Жаңа стандарт төлемдерді өңдеу ісін автоматтандыруға, сондай-ақ есеп айырысудағы жылдамдық пен қауіпсіздікті арттыруға ықпал етеді. ISO 20022 стандартының ерекшелігі – төлем немесе мәміле туралы қосымша мәліметтерді беру мүмкіндігінде. Бұл сәйкестендіру процесін жеңілдетіп, қателіктерді азайтады және клиентке көрсетілетін қызмет сапасын арттырады» - делінген хабарламада.

ISO 20022 стандарты қолданылғанда осы әдістемені пайдаланатын әртүрлі ақпараттық және төлем жүйелері арасында жаһандық үйлесімділік қамтамасыз етіледі. Қазақстан Орталық Азия елдері арасында алғашқылардың бірі болып халықаралық стандартты пайдаланатын мемлекеттердің қатарына кірді. Енді Еуропалық Одақ пен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен бірге трансшекаралық төлемдерді жеңілдетіп, халықаралық сауда-саттықтың дамуына ықпал етеді.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ АСХАНАСЫ ДӘРІПТЕЛУДЕ

Қытайдың жетекші басылымдарының бірі «Sanlian Lifeweek Magazine» журналының Қазақстанның ұлттық тағамдарына арналған арнайы шығарылым дайындауда.

Олар Астана, Алматы мен Шымкент қалаларына ат басын бұрып, жергілікті қонақжайлықпен және асханадағы ерекшеліктермен танысты. Бұл туралы kaz.inform.kz хабарлады.

Гастрономиялық саяхат Қытайдың түсірілім тобы үшін тек кәсіби экспедиция емес, сонымен қатар жаңашылдыққа толы болды. Оларды қазақ асүйінің байлығы мен алуан түрлігі, жергілікті тұрғындардың қонақжайлығы тәнті етті. «Sanlian Lifeweek Magazine» өкілдері ұлттық мейрамханалар мен шығыс базарларын аралап, интерьерді, атмосфераны, қызмет көрсету деңгейін және тағамдарды бағалауға ерекше назар аударды.

«Маған бесбармақ, қымыз және дәстүрлі тарымен және сүтпен шай қатты ұнайды. Қазақстанға келудің бірнеше себебі болды. Біріншіден, арнайы шығарылымның тақырыбы – Қытай үшін визасыз елдердің асханасы. Екіншіден, Қазақстан – біздің достық қарым-қатынастағы көршіміз. Бірақ біз бұл елдің асханасымен толық таныс емеспіз. Қазақстанның дәстүрлері тартымды және біз шынымен қонаққа келуге тырыстық», – деп бөлісті «Sanlian Lifeweek Magazine» журналының тілшісі.

«Қазақстан өзінің ұлттық асхана дәстүрлерін жаңғыртып, бірегей дәмі бар тағамдарды ұнататындарға арналған жаңа тартымды орынға айналып отыр. Шетелдік БАҚ пен блогерлер біздің асханамызға үлкен қызығушылық танытып, елімізге сапарларды ұйымдастыруда жиі көмек сұрайды. Гастрономиялық туризм – әлемнің түкпір-түкпірінен саяхатшыларды тоғыстыратын перспективалық бағыттардың бірі», – деп атап өтті Kazakh Tourism басшысы Қайрат Сәдуақасов.

ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2024 жылдан бастап Қазақстанда ваучерлік қаржыландыру әдістемесін қолдана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік тапсырысты орналастыру бойынша пилоттық жоба іске асырыла бастады. Бүгінгі таңда ваучерлік қаржыландыру Тараз (Жамбыл облысы), Түркістан, Шымкент, Орал және Астана қалаларында жүзеге асуда. Мектепке дейінгі білім беруді ваучерлік қаржыландыру жобасы белгіленген талаптарға сай болған жағдайда барлық мектепке дейінгі ұйымдарға, оның ішінде жаңадан ашылған ұйымдарға да мемлекеттік тапсырысты орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрінің ресми сайты хабарлайды.

Негізгі артықшылықтары: ата-аналарға балабақшаны өз бетінше таңдау мүмкіндігі беріледі, бұл жеке және мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар арасында дұрыс бәсекелестікті ынталандырады. Жүйе, ең алдымен, бүкіл қаржыландыру процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді, мұнда «ақша ұйымға емес, балаға беріледі».

Жаңа жүйе балабақшаға кезекке тұру процедурасын жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар мұндағы түрлі заңсыз факторларды жояды. Ваучерлік қаржыландыру қағидаттарының бірі — серпінді бәсекелестік құру және тиісінше қызмет көрсету сапасын жақсарту болып табылатынын атап өткен жөн.

2025 жылдан бастап ваучерлік қаржыландыру жүйесі ел аумағында кезек-кезеңімен енгізіле бастайды.

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ

БИЫЛ 122 ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН САЛУ ЖОСПАРЛАНҒАН

Биыл Жетісу облысында 122 әлеуметтік нысанның құрылысы жоспарланған, оның 105-і осы жылы пайдалануға беріледі.

Облыстық құрылыс басқармасының мәліметінше, биыл өңірде 100 денсаулық сақтау нысаны, 10 мәдениет нысаны, 8 білім беру нысаны, 3 спорт нысаны және 1 оңалту орталығы салынады, солардың 105-і биыл іске қосылады деп жоспарланған.

«Биыл Алакөл және Панфилов аудандарында 900 орынды 2 жаңа мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр. Алакөл ауданы Лепсі ауылында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені бой көтереді. Сондай-ақ жаңа мәдениет үйлері Ақсу ауданының Матай, Арасан, Есболатов ауылдарында және Көксу ауданының Жарлыөзек ауылында іске қосылады, соның 2-уі спорт залдарымен біріктірілген нысандар болмақ. Денсаулық сақтау саласында 39 фельдшерлік-акушерлік және 20 медициналық пункт, сондай-ақ 4 жедел жәрдем станциясы және ҚАЖК-нің 1 медициналық қызметі

нысаны салынады», - делінген облыстық құрылыс басқармасының хабарламасында.

Жалпы биыл Жетісу облысында әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер, инженерлік-коммуникациялық желілер, өрт сөндіру депосы және ауыл шаруашылығы объектілері, жалпы алғанда түрлі саладағы 298 нысанның құрылысы жоспарланған.

Жетісу облысы құрылғаннан бері жөндеу мен жаңа құрылыс жүргізудің арқасында объектілерді жаңарту 50%-ға жетті. Соның ішінде өткен жылы өңірде 171 нысан салынып, пайдалануға берілді.

СУ – ТІРШІЛІК НӘРІ

Жетісу облысында 2025 жылдың қорытындысы бойынша орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету деңгейі 92,5% немесе 331 елді мекенге жетеді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметтері бойынша қазіргі кезеңде өңірде 321 ауылды қоса алғанда, 358 елді мекеннің 327-сі немесе 91,3 пайыз орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген.

– Өткен жылы сумен жабдықтау жүйелерін салу және қайта жаңарту бойынша 9 жаңа және 13 өтпелі жобаны қоса алғанда, 22 жобаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерден 7,7 млрд. теңге бөлінді. Нәтижесінде 267 шақырым желі салынды, 14 елді мекенде ауыз судың сапасы жақсарды. Сондай-ақ, Алакөл ауданындағы 2 ауыл орталықтандырылған су жүйесіне қосылды.

Бұл ретте 6 елді мекенде жобалар өтпелі болып табылады. Сонымен қатар, Алакөл ауданы Теректі, Қоңыр, Лепсі, Ескелді ауданы Жалғызғаш, Қаратал ауданы Ұмтыл, Кербұлақ ауданы Ақбастау, Тастыөзек, Панфилов ауданы Қырыққұдық, Шолақай, Керімғаш ауылдарында және Көксу ауданы Көксу станциясында, сондай-ақ

Талдықорған және Текелі қалаларында 2025 жылға республикалық бюджеттен 14 жобаны іске асыру үшін осы кезеңде 3,4 млрд. теңге қарастырылған. Нәтижесінде 2604 адам тұратын Алакөл, Қаратал, Ақсу, Панфилов аудандарының 4 ауылы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етіледі. 267 шақырым сумен жабдықтау желілері салынып, қайта жаңартылады, - деп мәлімдеді басқарма өкілдері.

Жалпы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысында орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету деңгейі 92,5% немесе 331 елді мекенге жетеді. Су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 3 935 шақырымды құрайды.

88 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МЕКЕМЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛМАҚ

Биыл Жетісу облысының денсаулық сақтау саласында 88 нысан ашу жоспарланған, соның 59-ы «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдарламасы аясында, 20-сы блокты-модульді нысан, 9-ы – жаңа құрылыс.

Мәселен, өткен жылы жылы Жетісу облысында 26 медициналық нысан, соның ішінде 24 медициналық және 1 фельдшерлік-акушерлік пункт, 250 келушіге арналған емхана пайдалануға берілген болатын. Ал биыл 88 нысан іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Өңірдегі денсаулық сақтау инфрақұрылымын жақсартумен қатар салаға кадрлар тартуға да көп көңіл бөлініп, өткен жылы қалалық және ауылдық жерлерге келген дәрігерлерге тиісінше 5 және 10 млн. теңге көлемінде бір реттік көтерме ақы беру жүйесі республикада алғашқы болып Жетісуда енгізілген еді. Соның нәтижесінде 2024 жылы облыстың медициналық мекемелеріне жұмысқа келген 75 дәрігерге біржолғы көтерме ақы берілді. Атап өтсек, бұл мамандардың 24-і ауылдық жерлерге, 51-і облыс қалаларының медициналық мекемелеріне жұмысқа келді. Оның ішінде жалпы практика дәрігерлері, хирург, анестезиолог-реаниматолог, акушер-гинеколог, педиатр, кардиолог, терапевт, иммунолог, травматолог, химиотерапевт, нарколог, психиатр, неонатолог, онколог, инфекционист, патологоанатом, рентгенолог, невропатолог, гематолог, нейрохирург, дерматовенеролог, УДЗ дәрігері, генетик мамандары бар.

Облысқа жұмыс істеуге келген дәрігерлердің қатарында Көксу ауданының тумасы, жас маман Жадыра Бақытқызы да бар.

– С. Асфендияров атындағы Қазақ медицина университетін тәмамдаған соң жолдамамен Талдықорған қаласындағы көпсалалы ауруханаға өткен жылдың қыркүйек айынан жұмысқа тұрдым.

Үш айлық сынақ мерзімінен кейін жаңадан келген кадр ретінде белгіленген бір реттік көтерме ақыны алдым. Бұл мен секілді жас мамандар үшін - үлкен көмек. Аурухананың материалдық-техникалық базасы, заманауи құралдармен жабдықталуы сапалы қызмет көрсетуге үлкен септігін тигізіп отыр, - деді акушер-гинеколог Жадыра Бақытқызы.

Сондай-ақ, өткен жылы неғұрлым сұранысқа ие бейіндік мамандықтар бойынша кадрлар тапшылығын төмендету үшін резидентураға оқуға 69 дәрігер түсті, осы мақсатқа жергілікті бюджеттен 162,7 млн. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Және тәжірибе алмасу үшін мамандар шетелдік клиникаларға біліктілігін арттыруға жіберіледі, бұл ретте 2024 жылы 10 маман Германияның Дюссельдорф қаласындағы клиникаларда тағылымдамадан өтті. Оған қоса денсаулық сақтау мамандарына қосымша білім беру жоспарына сәйкес 614 медициналық кезек, алғашқы медициналық-санитарлық көмек, онкологиялық, кардиологиялық, туберкулез және патологиялық қызметтер және денсаулық сақтау сияқты басым бағыттар бойынша оқудан өтті.

Тағы бір атап өтерлігі, шалғай ауылдарға сапарлайтын «Саламатты Қазақстан» арнайы медициналық пойызы өткен жылы 2,5 мың рет қызмет көрсетсе, биыл көрсетілетін медициналық қызметпен 4 мыңнан астам халықты қамту жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖАСТАР САЯСАТЫ «КЕЛЕШЕК» ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСЫҢЫЗ

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі әзірленді.

Мемлекеттік қолдаудың бұл шарасы Қазақстан балаларына 5 жастан бастап 18 жасқа толғанға дейін елде және шетелде білім беру қызметтеріне, соның ішінде жоғары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін қаржы қаражатын тұрақты жинақтау мақсатына арналған.

«Келешек» жүйесіне қатысу үшін ата-аналар мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің қатысушылары болып табылатын екінші деңгейдегі банктерде және сақтандыру компанияларында шот ашуы қажет, онда ағымдағы күнтізбелік жылы 5 жасқа толған балаларға 60 АЕК (2025 жылы 235 920 теңгені құрайды) және жетім балалар үшін 120 АЕК (471 840 теңге) мөлшерінде бастапқы білім беру капиталы, 5-7% мөлшерінде мемлекеттік сыйлықақының жыл сайынғы төлемі және инвестициялық табыс есептелетін болады.

«Келешек» жүйесінің шарты – ата-аналар кемінде 12

2025 – ЖҰМЫСШЫЛАР ЖЫЛЫ КӘСІПТІК БАҒЫТТА 14 ЖАҢА МАМАНДЫҚ АШЫЛАДЫ

Ел Президентінің Жұмысшы мамандықтар жылы жөніндегі бастамасы аясында Жетісу облысындағы колледждерге сұранысқа ие жаңа мамандықтарды ашу жұмыстары жалғасуда. Атап айтқанда, өңірде «Жаңа мамандықтар атласы» бекітілді. Онда еңбек нарығы мен өңірдің экономикасын дамыту талаптары ескеріле отырып, 5 негізгі бағытқа – ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, туризм индустриясы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, энергетика және жаңартылатын энергия көздері салаларына бағдарланған. Мәселен, өткен оқу жылында өңірдің 11 колледжінде 13 жаңа мамандық ашылса, биыл тағы 14 мамандық ашылады.

– Жетісу облысында техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңарту, сапасын арттыру, сондай-ақ жұмысшы мамандықтарының имиджін көтеру бағытында Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспары бекітілді. Сондай-ақ, «Жаңа мамандықтардың өңірлік атласы» әзірленді. Облыс экономикасында басымдық берілетін 5 салаға талдау жүргізіліп, жаңадан пайда болған, өзгерген, жойылып бара жатқан және аса тапшы кәсіптер анықталды. Экономика салаларының басым бағыттарына білікті мамандарды даярлау үшін 2024-2025 оқу жылында облыста 240 білім беру бағдарламасы әзірленді. Биылғы оқу жылында өңірдің 11 колледжінде сұранысқа ие 14 жаңа мамандық ашылды. Гидротехникалық мелиорация, Автоматтандырылған өндіріс жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу, мехатроник, хаус-шебер, техник-жобалаушы (сәулет), орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, жылжымай шаруашылығын ұйымдастыру т.б. кәсіп иелері. Өткен жылы материалдық-техникалық базаны нығайтуға жергілікті бюджеттен 475 млн. теңгеден астам қаржы бөлінгенін, ал биыл тағы 488 млн. теңге бөлінеді деп жоспарланып отыр, - деді облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменов.

Жаңа мамандықтарды ашып отырған оқу орындарының бірі – Талдықорған жоғары политехникалық колледжі.

БОЛАШАҚ – БҮГІННЕН

БАЛАЛАР ДРАМАТУРГИЯСЫН ДАМУ

Бүлдіршіндер мен жасөспірімдер аудиториясын дамыту – бұл тек театрлардың ғана емес, жалпы қоғамның міндеті. Қазіргі заманғы технологиялар мен ұлттық құндылықтарды үйлестіре отырып, қазақстандық театрлар болашақ ұрпақтың эстетикалық және рухани дамуына үлкен үлес қоса алады. Балалар мен жасөспірімдер аудиториясына арналған қазақ драматургиясын насихаттау және жаңа заманауи шығармаларды қолдау – ұлттық мәдениет пен әдебиетті дамытуға өте маңызды қадамның бірі. Осы орайда тұңғыш рет Қазақстан Республикасы театр директорларының кеңесі өтті. Жиында өзекті мәселелер тақыланып, тиімді идеялар мен тәсілдер ұсынылды.

Кеңеске облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов пен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов, театр басшылары және театр сыншылары қатысты. Облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов «Театр - мәдениетімізді насихаттаудың, ұрпақ тәрбиелеудің және халықпен тығыз байланыс орнатудың маңызды құралдарының бірі. Әрбір театр сахнасынан көрініс тапқан қойылым, бұл, халқымыздың болмысы мен құндылықтарын бейнелеп, заманауи қоғамның күрделі мәселелерін көрерменге түсінікті тілмен жеткізеді. Бүгінгі таңда мемлекетіміз мәдениет саласына ерекше көңіл бөліп отыр, театрларға қолдау көрсетуде, жаңа ғимараттар салынып,

шығармашылық жағдай жасалында. Бұл тұрғыда Жетісу облысы да жоғары нәтиже көрсетуде. Былтырғы жылы Б.Римова атындағы драма театры 7 жаңа қойылым сахналады, екі жыл қатарынан Бикен халықаралық театр фестивалі ұйымдастырылды» - деп жағымды жаңалықтарды тілге тиек етіп, жалпы өткен жыл жемісті жыл болғандығын атап өтті. Сонымен қатар, М. Әуезов атындағы Қазақ Ұлттық драма театрының директоры, Өнертану ғылымдарының кандидаты, ҚР театр директорлар кеңесінің төрағасы Еркін Жуасбек, театр сыншысы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының профессоры, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі, Өнертану

кандидаты Анар Еркебай «Қазақстандық театрлардағы бүлдіршіндер мен жасөспірімдер аудиториясын дамыту» тақырыбында пікір білдірді. М. Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының директоры Айболат Жәудір «ҚР Мемлекеттік сатып алу Заңындағы өзгерістер мен толықтырулар» тақырыбында, «Ақмола облыстық орыс драма театры» директоры Бейбіт Бахтыгереев, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Мемлекеттік қуыршақ театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі Жазира Ахметова баяндама жасады. Спикерлер тарихи тұлғалар мен оқиғаларға негізделген,

жас аудиторияға лайықталған, заманауи мәселелерді қозғайтын қойылымдар мен пьесалар жоқтың қасы екендігін баса айтты. Сахналынып жүрген ертегілердің басым көпшілігі «Ұр тоқпақ», «Алтын сақа» секілді туындылармен шектеліп қалып жатыр. Бұл бағытта балалар мен жасөспірімдерге арналған қызықты және тәрбиелік мәні бар шығармалардың жазылуына түрткі болу, жас драматургтерге лайықты қолдау көрсету керек екенін мәлімдеді. Кездесудің қорытындысы бойынша театр өнерінің болашағын жақсартуға бағытталған нақты ұсыныстар мен бастамалар қабылданды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



АЕК мөлшерінде жыл сайынғы міндетті ең төменгі жарнаны төлеуі тиіс.

Шоттарды Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры, ал сақтандыру төлемдерінің сомасын Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры сақтандырады.

Мемлекеттік білім беру грантын алған жағдайда қаражатты жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға пайдалануға болады.

Сонымен қатар, жинақталған қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағыттауға және қажет болған жағдайда үшінші тұлғаларға беруге болады.



– Біздің колледжде 1 мың жарымнан астам студент 11 мамандық бойынша білім алуда. Бүгінге дейін біз ашқан жаңа мамандықтардың ішінде «Ұшқышсыз ұшу аппараттарының операторы», «ВІМ техниктер» бар. Бұлар «Өңірлік жаңа мамандықтар атласына» енгізілген. Ал биыл мехатроника мамандығын ашып, электроника, робототехника, 3D басып шығаруды оқытамыз. Осыған байланысты екі ІТ компаниямен келісімдеріміз бар, - деді Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің директоры Шыңғыс Нұрғожаев.

Бұдан бөлек, облыстық білім басқармасының деректері бойынша, өңірдің кадрлық қажеттілігін қамтамасыз ету үшін 15 колледжде 80 кәсіпорынның өтінімдеріне сәйкес 25 мамандық бойынша 809 адамды нысаналы даярлау жүзеге асырылады. Бұл кәсіпорындар келісімшарт негізінде оқуды бітіргеннен кейін студенттерді міндетті түрде жұмысқа алады. Осы, ретте өңірде 15 колледж дуальды оқытуды жүзеге асыруда.

Жетісу облысында жалпы саны 27 колледж жұмыс істейді, соның 21-і мемлекеттік, 6-ы жекеменшік. Оларда осы оқу жылында 13 901 адам білім алса, оның 10 155-і мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде, яғни тегін оқытылуда. Мемлекеттік тапсырыстың көп бөлігі техникалық мамандықтарға, яғни, ІТ, құрылыс, инженерия, ауыл шаруашылығы және су шаруашылығына бағытталған. Жалпы оқу орындары ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету саласы, құрылыс, машина жасау, сондай-ақ, техникалық, педагогикалық, заң, экономикалық, медициналық бағыттар бойынша 70 мамандық және 113 біліктілік бойынша кадрлар даярлайды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҰЛТ ТАРИХЫ ТАУ ТҰЛҒАНЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Қазақ жұртының тізгінін ұстап, халық жүрегінен мәңгілік орын алған, елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен қазақтың мақтан тұтқан перзенті, аяулы ұлы Дінмұхамед Қонаевтың туған күніне орай еске алу шарасы өтті.



Өткенді санадан өткізіп, бүгінгіні саралап, болашаққа жол ашып, ұлы тұлғаларымыздың ұлағатты, ерлікке толы жолдарын әспеттеу үлкен құрмет. Шежірелі тарихымызға есімі алтын әріптермен жазылған алып тұлғаның игі істері мәңгі халық жадында. Тәуелсіздік жолында жан алысып, жан беріскен азаматтардың бірі де бірегейі осы Димекен еді. Ол халқы үшін аянбай тер төксе, елі де оны дәл солай ұлықтап, биікке көтеруде.

Қала тұрғындары Талдықорғанның төріндегі ескерткіштің алдына келіп, ғасырда дүниеге бір келетін, Алатаудай алып тұлғаны еске алды. Сондай-ақ, жиында еске алуға арнап, зиялы қауым өкілдері нар тұлға жайлы естеліктерімен бөлісті. Аталмыш шарада қала әкімі Ернат Бәзілге сөз берілді.

«Қазақ халқының біртуар азаматын еске алғанда, еліміздің өркендеуіне үлес қосқаны, мәдениеттілігі, адалдығы мен адамдығын ескерер болсақ, одан асқан қарапайым басшы болмағанын ұғынамыз. Ұлт тарихын зерделеуде артында қалған мұрасы мен келелі ой тұжырымдарын зерттеп жеткізу, ұлт перзенттерін ұлықтау біз үшін абыройлы парыз. Дана халқымыздың дара перзенті Дінмұхамед Ахметұлы ел үшін туған ер еді. Аянбай қызмет етіп, адалдық пен шындықты ту еткен, қазақтың еңсесінің көтерілуіне елеулі еңбек сіңірген жанның бейнесі жылдар өтсе де әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталмақ», - деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

Қала әкімінің баспасөз қызметі



80-ЛЕТИЕ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ ВETERАН ВОВ ПЕРЕШАГНУЛ ВЕКОВОЙ РУБЕЖ


«Их в живых осталось только семеро молодых солдат»... Помните? При звучании песни «У деревни Крюково» на глаза невольно наворачиваются слезы. Сегодня в области Жетісу осталось в живых только трое боевых солдат.



Одному из них – Ыскаку Кусаинову – 14 января исполнился 101 год. Перешагнувшего за вековой рубеж ветерана Великой Отечественной войны поздравили глава региона Бейбит Исабаев, аким города Талдыкоргана Ернат Бәзіл. Поздравительное письмо председателя общественной организации ветеранов Вооруженных Сил Казахстана Мухтара Алтынбаева вручил председатель филиала организации в области Жетісу Рахым Кырбабаков.

Ыскак Кусаинов родился 14 января 2024 года в селе Кольбай Алакольского района Алматинской области. Его отец Абилпейс Омиразулы был простым сельским работником, позже стал членом колхоза. Из шестнадцати детей в живых осталось только Ыскак, остальные ушли из жизни от голода и оспы. Позже не стало и отца. Мать Кансай, забрав единственного оставшегося ребенка, переехала к сестре Алшораз, проживавшей в селе Екпинди. Так, мальчик стал расти под покровительством тети Алшораз и дяди Шынгожи Капсалямова. Ыскак многому научился у своей матери, народной рукодельницы, и тети, отличавшейся красноречием, трудолюбием и заботой о сельских детях. Пойдя в 10-летнем возрасте в школу, мальчик стал проявлять любознательность и целеустремленность. В 7 классе начал вести бухгалтерские дела колхоза, после окончания школы работал библиотекарем, помогал односельчанам.

В 1942 году, когда шла война, Ыскаку исполнилось 18 лет. Несмотря на юный возраст, он добровольно пошел на фронт, чтобы защищать свою Родину, в этом же году стал бойцом стрелковой дивизии на Украинском фронте. Далее служил в дивизии «Зенит» Амурской военной флотилии. В 1943 году за боевые заслуги ему присвоили звание «Отличник Военно-морского флота», а в газете



«Амурский флот» о нем опубликовали статью «Сын Казахстана» - это была одна из главных наград для воина того времени. В 1944 году герой нашего повествования получил тяжелое ранение и попал в военный госпиталь. После длительного лечения получил месячный отпуск для полного восстановления, который провел на родине. После окончания Великой Отечественной войны воевал против японских захватчиков.

одно время учившийся вместе с М. Ауэзовым и К. Сатпаевым в Ленинграде и Москве.

После окончания училища в 1952 году молодой специалист был назначен директором школы на 51-ом километре автодороги Бурлю-Тобинского района. Тесная на тот момент школа через год после его обращения к начальнику дорожного управления К. Берсугирову расширилась. Первые его ученики после начальных классов успешно сдали экзамены и перешли в семилетнюю школу. В 1955 году учебное заведение закрылось, и семья педагога переехала, устроившись на работу в школу им. М. Горького. Супруга Бакыш ста-



Вернувшись с полей сражений, в 1947 году Ыскак Абилпейсылы создал семью с Бакыш Нуртаевой. Свою трудовую деятельность начал в сфере торговли в селе Жыланды, супруга работала в начальной школе. Затем Ыскак поступил в Лепсинское педагогическое училище. На его стремление к знаниям и становление как педагога большое влияние оказал директор заведения Бакыт Торбеков,

ла завучем по учебному делу, Ыскак Кусаинов принял 1 класс. В 1957 году он был вынужден оставить любимую профессию, стал мастером дорожно-эксплуатационного участка-539, где проработал 3 года. После, до 1988 года, Ыскак Абилпейсылы продолжил педагогическую деятельность и возглавил школу им. К. Маркса, которая вначале относилась к Саркандскому району, затем к Андреевскому.

ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ!

МОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОДЫ ОТ 100 И БОЛЕЕ ЛИЦ БУДУТ ПРОВЕРЯТЬСЯ

Внедрение системы всеобщего декларирования доходов и имущества физических лиц в Казахстане реализуется в четыре этапа с 2021 года. Сегодня в рамках трех этапов в систему всеобщего декларирования уже вошли более 4 млн человек: госслужащие, работники госучреждений и квазигосударственного сектора, руководители и учредители юридических лиц, индивидуальные предприниматели, а также их супруги. По области Жетісу – это 193,2 тыс. физлиц, отметил в своем выступлении на брифинге в Доме журналистов им. Бейсена Куранбека руководитель управления непроизводственных платежей департамента госдоходов Асхат Абылмайынов.

Как сообщил спикер, в 2025 году обязательства по представлению деклараций возникают у оставшейся категории граждан. Это порядка 8 млн человек (по области Жетісу – 355,4 тыс. человек), среди которых работники частных структур, пенсионеры, домохозяйки, студенты и др.

В реализацию поручения Главы государства о пересмотре подходов к всеобщему декларированию, озвученного 15 ноября 2024 года на Первом форуме работников сельского хозяйства, предлагается освободить данную категорию граждан от представления деклараций об активах и обязательствах, за исключением лиц, имеющих активы за пределами страны. Освобождение коснется более чем 90% физических лиц данной категории.

Для фиксации имеющихся активов физлиц будет обеспечен механизм получения

сведений от всех цифровых баз данных, в том числе банков второго уровня. Но если в дальнейшем у граждан будут приобретения имущества на сумму свыше 20000 МРП (74 млн тенге), то информация об источниках покрытия расходов должна раскрываться.

«Предложения по четвертому этапу будут рассматриваться всеми уполномоченными ведомствами, после чего будет принято единое решение. Ежегодное декларирование сохранится для госслужащих, руководителей, учредителей квазигосударственных и частных компаний, их супругов, а также для лиц, имеющих активы за пределами страны и получивших доход, облагаемый самостоятельно. Вместе с этим гражданам предоставлено право на добровольное декларирование», - отметил Асхат Абылмайынов.

В свою очередь руководитель отдела

камерального мониторинга департамента госдоходов по области Жетісу Ринат Жамаубаев рассказал о проверке мобильных переводов, нацеленной на вывод из тени незаконной предпринимательской деятельности.

По его словам, некоторые предприниматели получают оплату за проданный товар или услуги посредством мобильных переводов. Однако данные переводы производятся без применения контрольно-кассовых аппаратов, POS-терминалов и QR-кодов, соответственно, не выдаются чеки и ущемляются права потребителей.

«Органы государственных доходов не будут проверять все мобильных переводы. Контролю подлежат лица, скрывающие свои доходы или не зарегистрированные как ИП, получившие на личные счета мобильных переводов от 100 и более разных лиц ежемесячно в течение трех месяцев подряд, не путать с переводами – 100 и более переводов не будут учитываться. В соответствии с действующим законодательством это признак предпринимательской деятельности. Важно также знать, что нет ограничений на переводы родственникам, друзьям и коллегам в различных жизненных ситуациях», - подчеркнул спикер.

Информация от БВУ будет предоставляться поэтапно: с 2023 года – по государственным служащим, приравненным к ним

Дидактические материалы и наглядные пособия, выпущенные четой учителей, в 1968 году были выставлены на Выставке Достижений Народного Хозяйства в Москве и получили золотую и бронзовую медали. С учетом многолетнего педагогического труда наш герой награжден орденом Трудового Красного Знамени, медалью «За доблестный труд», ему присвоены высшие звания «Методист-учитель», «Отличник народного просвещения». Последнее звание получила и Бакыш Нуртаева.

Кроме этого, Ыскак Кусаинов награжден орденом Отечественной войны II степени, медалями «За Победу над Японией», «Ветеран ВОВ Тихоокеанского флота», нагрудным знаком «Отличник военно-морского флота», медалью Маршала Советского Союза Жукова и другими наградами. В историческом музее Тихоокеанского Амурского флота в городе Чите (Россия) организован специальный уголок о нашем ветеране, где хранятся ценные материалы о его героизме, проявленном в годы войны.

Сегодня у почтенного акакала от двух дочерей Гульсимжан и Кульпаш есть 9 внуков, 31 правнук и 5 праправнуков. Проживает он с внучкой Ардак, которая вместе со своей многодетной семьей ухаживает за бабушкой, прожившим целое столетие, преодолевшим множество трудностей. Супруги Бакыш апа не стало в 2012 году в возрасте 82 года.

Поздравив в знаменательный день фронтовика с Днем рождения, Бейбит Исабаев одел на ветерана традиционный национальный чапан и вручил поздравительное письмо.

«У нас в области сейчас трое ветеранов-фронтовиков. Из них самый старший – наш Ыскак ата, которому исполнился 101 год. Поздравляю Вас с днем рождения! В этом году отмечается 80-летие Победы в Великой Отечественной войне. Надеемся, что в этот юбилей, будучи в строю и надев на грудь свои ордена и медали, Вы вместе со всеми примете участие в церемонии возложения цветов к Вечному огню. Еще раз поздравляю Вас и желаю здоровья!» - сказал глава региона.

Дочь ветерана Гульсимжан Мырзаханова от имени семьи выразила признательность за оказанные фронтовикам почет и внимание.

«Из 16 братьев и сестер выжил только мой отец и уже с пятнадцати лет начал работать. Рано оставшись без отца, он старался во всем помочь матери. Испытал и все трудности войны. Потом, после выхода на заслуженный отдых, до 95 лет занимался садоводством, выращиванием овощей и ягод. Наверное, благодаря своему трудолюбию и энергии он и сегодня бодр духом, несмотря на преклонный возраст. Большое спасибо за оказанные его возрасту и заслугам почет и уважение!» - сказала она.

В свою очередь акасал, пожелав всем мира и спокойствия, по традиции дал благословление.

- Старые времена ушли, пришли новые. Пусть в новую эпоху ваши труды будут плодотворными, а дела успешными! Всем желаю крепкого здоровья, пусть молодежь и будущие поколения живут счастливо и достигают поставленных целей, - пожелал ветеран, являющийся живым свидетелем истории и напоминанием о том, что Великая Победа была одержана благодаря мужеству, стойкости и самопожертвованию миллионов советских людей.

Алма УРАЗАЕВА
Фото: из архива и Жениса ЫСКАБАЯ

лицам и их супругам (по итогам 2022 года); с 2024 года – по работникам государственных учреждений, субъектов квазигосударственного сектора и их супругам (по итогам 2023 года); с 2025 года – по индивидуальным предпринимателям, руководителям юридических лиц и их супругам (по итогам 2024 года); с 2026 года – по остальной части населения (по итогам 2025 года).

Таким образом, на сегодня информация получена только по государственным служащим, приравненным к ним лицам и их супругам, т.е. декларантам 1-го этапа всеобщего декларирования.

Также Ринат Жамаубаев сообщил, что согласно нормам Закона РК «О платежах и платежных системах» предусмотрены различные способы оплаты – банковской картой, QR-платежом или наличными деньгами (статья 25).

«Отказ в принятии безналичных платежей является неправомерным и нарушает права потребителей. За отказ предпринимателей в принятии платежей с использованием платежных карточек предусмотрена административная ответственность: на первый раз - предупреждение, при повторном нарушении - штраф в размере 157 280 тенге (40 МРП, статья 194 КоАП)», - добавил спикер.

Алмагуль ЖАНДОСОВА

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

ҚОНЫСТОЙ ҚУАНЫШЫ

Баспаналы болу – үлкен бір бақыт. Ал сол аңсаған шаңырағыңның кілтін жаңа келген жылда алу қуанышты үстемелей түсуге. Осы сәтті күнді аптаның сейсенбісінде талдықорғандықтар бастан кешті. Шаттыққа толы шараның біз де куәгері болдық.



Облыс орталығы Талдықорған қаласындағы «Береке» коттедж қалашығында тұрғын үй кезегінде тұрған 30 көпбалалы отбасыға баспана кілті табыс етілді. Құрылыс жұмыстарымен айналысқан «Амиржан и компания» ЖШС мердігер мекеме. Құрылыс компаниясы екі қабатты тұрғын үйдің әрлеу жұмыстарымен айналысқан. Барлық үйлерге көгілдір газ тартылып, су, жарық, жылумен қамтылып отыр. Еске салсақ, облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тапсырмасына сәйкес өткен жылдан бастап «Береке» коттедж қалашығындағы құрылыс сапасына байланысты өзекті мәселелерді шешу бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Ондағы құрылысы аяқталмаған және сапасында кемшіліктері барларын қоса алғанда проблемалық 204 коттедж болған. Ескертулер түзетілгеннен кейін 25 коттедж өткен жылдың соңында кезекте тұрған азаматтарға тапсырылды. Бүгін тағы 30 отбасыға үй кілттері табысталды. Тағы 42-сін бірінші тоқсанның соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Қалған 107-сі кезек-кезеңімен енгізіледі. Жалпы биыл коттедж қалашығының құрылысын толығымен аяқтау тапсырылған.

Осынау қуанышпен құттықтау үшін қала әкімі Ернат Бөзіл арнайы келіп, баспаналы болып жатқан тұрғындарға ақжарма тілегін білдіріп, баспана кілттерін табыс етті. «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жалғастырамыз. Бүгін кезекті қуанышқа жиналып тұрмыз. Қазіргі күні тұрғын кезегінде 14 мың

500 адам тұрса, алдағы уақытта кезекті екі есе қысқартамыз деп ойлаймыз. Тұрғын үйге ие болып, жаңа қонысқа кіріп жатқан қуаныштарыңыз құтты болсын. Осы үйлеріңізде балаларды ержеткізіп, ұлды – ұяға, қыздарыңызды – қияға қондырып, бақытқа кенеліңіздер. Шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын», - деді қала әкімі.

Бүгінде Талдықорған қаласы бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған халықты жайлы баспанамен қамту жұмысы қарқынды түрде жүзеге асуда. Оған дәлелі, өткен жылы да баспанаға ие болғандар қарасы көп болды. Жаңа жылдың қарсаңында осал топтағы санаттағы 25 отбасы қоныстойларын тойлаған еді. Облыс орталығында, өткен жылы кезекте тұрғандар қатарынан 1283 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілсе, биыл тағы 1400-ден астам отбасын қамту жоспарлануда.

«Бүгінгі тұрғын үй кілтін алу сәтіндегі қуанышты сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Отбасыма үлкен тосынсыз болды. Себебі, баспанадан баспана көшіп жүрдік. Өз баспанаң болмаған қиын ғой. 10 жылдан астам уақыт үй кезегінде тұрып, осы сәтті ұзақ күттік. Өте қуаныштымыз! Осылай халықтың жағдайын жасап, аса мән беріп жатқан азаматтарға, облыс, қала әкімдігіне алғысым шексіз», - деді көпбалалы ана А. Маматаева.

Салтанатты жиында қолдарына пәтер кілттерін алған тұрғындармен бірге Ернат Дүйсенбекұлы да жылы, жайлы қонысты аралап, қуанышқа тілектестік білдірді.

Данагүл МӘКЕН

ҚАБЫЛДАУ



ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бөзіл азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Көпшілік тұрғындардың сұрақтары тұрғын үй кезегі, әлеуметтік салаға және ауланы абаттандыру, жер мәселесіне қатысты болды.

Қабылдауға келген 30-ға жуық тұрғынның мәселелерін мұқият тыңдаған қала басшысы бөлімдерге тиісті тапсырмалар берді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЕРКІН АУЫЛЫНДА 150 ОРЫНДЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ САЛЫНАДЫ

Жаңа жыл Еркін ауылы халқы үшін қуанышты жаңалықпен басталып отыр. Ауылға 150 орынды мәдениет үйі салынбақ. Бұл ауыл тұрғындарының көптен бергі арманы болып келген мәселенің бірі еді. Енді Еркін халқы заман талабына сай жабдықталған жаңа мәдениет үйінде түрлі іс-шараларды, ауылдың басқосуларын, өнерпаздардың әуезді кештерін тамашалауға мүмкіндік алмақ.



Жалпы ауданы 1 228,6 шаршы метр болатын жаңа мәдениет үйінде әртүрлі үйірмелермен қатар ауыл кітапханасы орналасатын болады. Мұнда жастар мен барлық тұрғындар өздерінің шығармашылық қабілеттерін шыңдап, жаңа білім мен тәжірибе жинақтай алмақ.

Құрылыс жұмыстары ерте көктемде басталып, 2025 жылдың соңына дейін ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда. Айта кетейік, бүгінгі таңда Еркін ауылдық округінде елдің әлеуетін арттыратын тың жобалар кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда. Жол инфрақұрылымы жақсарып, аулалар абаттандырылып, көшелер жарықтандырылып, көгілдір отынмен қамту деңгейі артқан. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Еркін ауылының дамуы мен гүлденуі үшін бұл жобалар үлкен маңызды қадам болып табылады.

СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ГИМНАСТИКАҒА АРНАЛҒАН СПОРТ КЕШЕНІ

Талдықорған қаласында бұқаралық спортты дамыту мақсатында ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Өткен жылы орталық стадионды қайта жаңарту, волейболға арналған оқу-жаттығу спорт кешенін салу, сондай-ақ, «Жетісу» волейбол клубы үшін 4 қабатты жатақхана мен үстел теннисі орталығы ашылды.



Биылғы жылы әсем әрі күрделі спорт түрлерінің бірі саналатын көркем және спорттық гимнастикаға арналған модульдік спорт кешені салынып, жыл соңына дейін пайдалануға берілімек. Бұл кешенде бір мезетте 200 спортшы жаттығу жасай алады, осылайша Жетісу өңірінің әр ауданынан келетін спортшыларға жаттығу мүмкіндігі беріледі.

Сонымен қатар, көпсалалы спорттық кешеннің құрылысы да жоспарлануда. Онда еркін күрес, бокс, баскетбол мен волейбол

секілді спорт түрлеріне арналған заманауи залдар болмақ.

Талдықорғанның спорт инфрақұрылымын дамыту бағытындағы бұл қадамдар қала тұрғындары мен өңір спортшылары үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашпақ.

Айта кетейік, өткен жылы қала спортшылары түрлі спорттық додаларда 730 медаль жеңіп алды, оның ішінде 312-сі алтын медаль. Бұл көрсеткіш қалада спорт саласының дамып келе жатқанын дәлелдейді.

ЖАҢА КВАРТАЛДЫҚ ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорған қаласын сапалы жылумен қамтамасыз ету мақсатында бірқатар маңызды жобалар іске асырылуда.

Қазіргі таңда қала бойынша 10 қазандық жұмыс істейді, оның ішінде қаланың 90%-ын жылумен қамтамасыз етіп отырған ең ірі «Басқуат» қазандығы, сондай-ақ, 5 кварталдық қазандық және 4 шағын қуатты қазандық бар. 2020 жылдан бері қазандықтарды қатты отыннан табиғи газға ауыстыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Бүгінде қазандықтардың бесеуі табиғи газға қосылған.

Қала тұрғындары үшін маңызды жобаның бірі – ол «Оңтүстік-Батыс» тұрғын ауданында жаңа кварталдық қазандықтың құрылысы басталып, ағымдағы жылдың жылыту маусымы, яғни, қазан айында қолданысқа беріледі деп жоспарлануда.

Жалпы 2 гектардан аса жерге салынып жатқан жаңа тоқсандық қазандықтың қуаттылығы 54,37 МВт құрамақ. Қазіргі уақытта



құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Онда 30-ға жуық қала тұрғыны еңбек етуде.

Бұдан бөлек, ағымдағы жылы қалада тағы бір жоба іске асырылмақ. Атап айтқанда, қала іргесіндегі Өлімжанов көшесіндегі №9 шағын қазандығын газға ауыстыруға қаражат бөлінді. Бұл жоба қала тұрғындарының жылумен қамтамасыз ету сапасын арттыруға, экологиялық таза табиғи газды пайдалану арқылы энергия тиімділігін жоғарылатуға бағытталған.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

➤ **АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!****ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА**

Талдықорған қаласының тұрғыны Жұмагелді Худайбердиев Семей полигонынан зарпап шеккен азаматтар санатында, үшінші топ мүгедегі, зейнеткер. Тағдырдың жазуымен адам баласы басынан түрлі жағдайларды кеше жүріп, бұйырған бақытына ие болады ғой.



Жұмагелді ағамыз да Түркіменстан Республикасында 1957 жылы дүниеге келгенімен, ес білгендегі барлық ғұмырын Қазақстанда өткізіп келеді. 1976 жылы әскерге шақырылып, азаматтық борышын Шығыс Қазақстанда өтеді. Кең байтақ қазақ даласының сұлулығы, адамдарының ашық пейілі жас жігітті бауырына тарта берді. Келешегін осы жермен байланыстырған азамат алғашқы еңбек жолын бұрынғы Талдықорған облысының Андреевка ауданындағы Осиновка ауылында шофер болудан бастады. 1986 жылы Семей облысының Аққар кеңшарына қоныс аударып, үш жыл үйренген

кәсібі бойынша қызмет атқарды. 1989 жылы жер жанаты Жетісу өлкесіне қайта табан тіреп, түрлі салада жұмыс жасады. Отбасын құрып, сәби сүйді. Адал еңбегінің арқасында ешкімге алақан жайып көрмеді. Бүгінде ата атанып, немере бағуда.

Жұмагелді ХУДАЙБЕРДИЕВ, ардагер:
– Ядролық жарылыстардың салдарынан зарпап шеккен табиғат жылдар өте ақырындап қалпына келер. Біздің көргенімізді балаларымыз көрмесін. Еліміз бүгінде өз бағытын айқындап, қарыштап дамуда. Президент бастамасымен қолға алынып жатқан «Таза Қазақстан» акциясының арқасында қаншама

елді мекендер түрлі қалдықтардан арылып, ағаш көшеттері отырғызылып жатыр. Табиғат ананы аялау парызымыз. Себебі, ол біздің ұрпақтан ұрпаққа қалар басты байлығымыз. Біз, ардагерлер балаларымызға, немерелерімізге Отанымызды сүйөді, елімізді құрметтеуді үйретуден жалықпаймыз. Аспанымыздың ашық болуын тілейміз.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

ӨЗАРА МЫҚТЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Жаңа жыл қарсаңында 63 жастан асқан ардагерлер арасында бильярдтан Талдықорған қаласының ашық біріншілігі өтті. Бұл жарысқа 20-дан астам ардагер қатысып, өзара мықтыларын анықтады.



Нәтижесінде, I-орынды Дәулет Туғанбаев, II-орынды Мағрип Минияров алса, ал жүлделі III-орынды – Геннадий Чарсов түйіндеді. Төлеу Мамбеталин жарыс төрешісі болды.

Сондай-ақ, Талдықорған қаласының ашық біріншілігінің «Ең жасы үлкен спортшысы» номинациясы сыйлығымен 84 жастағы Әшім Мамбетаев марапатталды.

Өз тілшіміз

➤ **АЛҒЫС ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАРДЫ**

Жұмыр басты пенге мына өмірде шешімі жоқтай көрінетін талай-талай жайтқа тап болып жатады емес пе? Жақында мен де сондай жайтты басымнан өткеріп, тығырыққа тірелгендей күй кештім.

Осы жақында қайын атам өмірден өтіп, мұрагерлік жөніндегі құжаттарды реттеу қажеттігі туындады. Мені тығырыққа тіреген де осы жағдай еді. Өйткені жаңағыдай құжаттарға мен ғана емес, менің қыздарым да қол қоюы керек екен. Ал бірінші топтағы мүгедектігі бар үлкен қызым болса өздігінен қол қоя алмайды. Соған орай нотариус «Қызыңызға қамқоршы екеніңіз жөніндегі қаулы әкеліңіз» деп Талдықорған қалалық білім бөліміндегі қамқоршылық органына жіберді. «Күйеуім қайтыс болғанымен анасы мен бармын ғой, қамқоршылық жөніндегі әңгіменің қажеті қанша?» деген менің уәжімді құлақтарына да ілмеді.

Өз кезегінде қамқоршылық органдағылар «Ондай қағаз сізге берілмейді» деп кесіп айтты. Осылайша мәселе тұйыққа тіреліп, басқа нотариустерді жағалауға тура келді. Мәселені олар да шешпей «Енді не істеймін?» дегенде «Балаңыз әрекетке қабілетсіз деген құжат жасатуыңыз керек, оны сот арқылы ғана жасай аласыз» деген кеңес айтты.

Басқа амал қалмағандықтан ендігі жерде соттың есігін қағуға тура келді. Соттағылар өз кезегінде «Ондай қағаз бала 18-ге толғанда бір-ақ беріледі» деп көмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға бағыттады. Комиссиядағылар болса «Ондай қағаз берілмейді. Мәселені шешу үшін арыз жазыңыз, бірақ арыз жазған күннің өзінде 5-6 ай күтуге тура келеді» деп соңғы үмітімді үзіп тастағандай болды.

Қанша дегенмен, өмірде қай кезде де көмекке келуге өзін тұратын, жағдайыңды түсінетін жақсы адамдар бар. Менің алдымда туындаған қиын түйін де сондай жақсы адамдардың көмегімен бүгінде шешіле бастаған секілді.

Сөз орайы келгенде олардың аты-жөндерін де атай кетсем деймін. Мәселен, қалалық білім бөлімінің қамқоршылық органында жұмыс істейтін Гүлнәзира ханым менің бірнеше күн бойы бос салпақтап, қаншама тырысқаныммен ештеңе шығара алмай тығырыққа тірелгенімді көріп қолымнан жетелеп облыстық нотариаттық палатаның төрағасы Арман аға Бекшубаевқа алып барды. Ол кісі «Қызыңыз 18 жасқа толғанша қамқоршы өзіңізсіз, оған ешқандай қағаз керек жоқ», – деп мені бірнеше күн бойы қинаған мәселенің түйінін бір-ақ ауыз сөзімен шешіп берді. Қыздарыма оншалықты пайдасы тие қоймайтын мұрадан бас тартуымызға да болатынын, заңдылықта ондай жайттың да қарастырылғанын Арман Сейітжапарұлы тәптіштеп түсіндірді. Қолданыстағы заңдылықтың ондай қыр-сырын біле қоймайтын мен мынадай жылы лебізге, жанды қамқорлыққа, көмекке қатты риза болып қалдым.

Облыстық палатада жолыққан нотариус Сәуле Байғалиеваға да алғысым шексіз. Менің мәселемді құлағы шалып қалған ол өз кеңсесіне шақырып, құжаттарымының реттелуіне шын ниетімен көмектесіп, бәрін тегін атқарып берді.

Осылайша аттары аталған жақсы адамдар, өз істерінің майталмандары мамандықтарына адалдықтарын танытып, балаларымың заңды құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етті. Сөйтіп менің де көңілімді көтеріп, өмірде жақсы адамдардың, абзал азаматтардың барлығына деген сенімді нығайтты. Оларға тағы да шын көңілден шыққан алғысымды арнаймын. Өмірде ылғи да осылай алғыспен көгеріп, абыройларыңыз арта берсін деп тілеймін.

Гүлнар ӘЛДИБЕКОВА,
Талдықорған қаласының тұрғыны

➤ **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫ ТОЛСА...**

Бүгінгі таңда елімізде Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін ұдайы тағуға мұғалым, қамқорлық жасалуға. Осы орайда, мемлекеттік органдарға, соның ішінде, соттарға да қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, соңғы жылдары сот жүйесінде де мемлекеттік тілде қаралатын істердің санын арттыру мәселесі мықтап қолға алынуға. Енгеше әрбір азамат өзінің құқықтарын дұрыс пайдаланатын болса, сотқа түскен істердің мемлекеттік тілде қаралу үлесі де арта түсері даусыз. Дегенмен, екіншіше орай, бұл тұрғыда орын алып отырған кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, бізде мынадай бір тәжірибе қалыптасқан. Жасыратыны жоқ, көбіне сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздеріне ыңғайлы тілді таңдап алады да, істердің негізін орыс тілінде рәсімдейді. Соған қылмыстық іс сотқа түскенде істі сол тілде қарауға тура келеді.

Азаматтық істердің жағдайы да осыған ұқсас болып жатады. Жалпы алғанда, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді мақсат еткен соң, талаптарды да жоғары қою керек. Қай сотқа барсаң да талап арыздар мен өтініштердің үлгілері мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған. Арыз қабылдаушы мамандар қазақ тілін жетік меңгерген. Алайда, қазақ азаматтарының өздері талап арызды орыс тілінде тапсырып жатады. Мұның мәнісі келесідей. Бір себебі,

қарапайым қазақ қорғаушыларға, заң кеңесіне жүгінеді. Ол жерде заңгерлер арызды өзіне ыңғайлы немесе өзі жетік меңгерген орыс тілінде жазып береді. Орыс тілін түсінбесе де, «көзі ашық адам ғой» деп, жазып берген арызды сотқа тапсырады. Арыз орыс тілінде түскен соң, барлық сот отырыстары орыс тілінде жүргізіледі.

Заңды бақайшығына дейін шағатын жап-жас жігіттер мен қыздардың ана тілін жетік меңгермей орыс тілінде сайрап тұрғанын көргенде еріксіз қынжыласың. Егер осы жастар қазақ тілінде қымсынбай сөйлеп, сөз қорын жетілдіре түссе ана тілін тәп-тәуір меңгеріп кетері күмәнсіз. Ең бастысы ықыласы болса болды. Бұл пікірімізге Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың мына бір сөздері жарқын дәлел бола алады. Мәселен, «Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты» деп, атап көрсеткен болатын. Демек, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталатын болсақ, осы орайда айтарымыз, заң қызметін көрсететін адвокаттар мен өкілдердің мемлекеттік тілді меңгеруіне баса назар аударған да жөн болар еді. Осы олқылықтардың орны толса, қазақ тілінде қаралатын істердің саны да әлдеқайда арта түсер еді.

Әділет БАҚЫТОВ,
Жетісу облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданарлық сотының судьясы

➤ **МӘДЕНИ МҰРА ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ ПАТЕНТТЕЛДІ**

«Қансонар» аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы «Қазақ тазысының» патент иесі атанды. Бұл туралы Qazpatent ұлттық зияткерлік меншік институты мәлімдеді.

«Қансонар» қоғамдық бірлестігі 2013 жылы ресми түрде тіркелді. Ұйымның жарғылық мақсаттарына сәйкес «Қансонарға» қазақ тазысы мен төбет итерінің ұлттық тұқымдарын сақтау, көбейту және жұртшылықтың қызығушылығын арттыру жауапкершілігі жүктелген. Республиканың өңірлік питомниктерінде алғаш рет

Қазақстан Республикасы халықтарының әуелгі ұрпақтары әзірлеген мәдени мұра мен өзіндік ерекшелікті, ұлттық аңшылық дәстүрлері мен тәсілдерін сақтау және тарату үшін қатал жергілікті табиғи - климаттық жағдайларға жақсы бейімделген «Қазақ тазысы» итерінің жаңа тұқымы құрылды.

Жалпы алғанда, селекциялық жетістікке патент жаңашылдық, ерекшелік, біртектілік және тұрақтылық критерийлері болған жағдайда беріледі. Селекциялық жетістікке патент беретін құқықтық қорғау көлемі тұқымның сипаттамасына енгізілген белгілердің жиынтығымен анықталады.

Зерттеулер қазақ тазы ит тұқымының жоғары жүйке қызметінің (ЖОЖК) типологиялық ерекшелігін анықтады, оның жүйке жүйесінің жоғары жүйке орталықтарының функционалдық жай-күйінің неғұрлым тұрақты, туа біткен және өмірлік қасиеттерін анықтады. Жүгіру кезінде иттердің жұмыс қабілеттілігі мен тұрақтылығының жоғарылау кезеңдері оның жүйке жүйесінің функционалды жағдайына айқын тәуелділікті анықтайды.

Барлық өңірде «Қансонар» қауымдастығының өкілдіктерінде жыл сайын «Қазақ тазысы» тұқымды иттердің өңірлік, республикалық асыл тұқымды байқаулары өткізіледі. Олардың негізінде экспонатталған иттердің олардың стандартына сәйкестігі туралы сарапшылардың қорытындысы беріледі. Олар кез келген климаттық жағдайға жақсы бейімделген, комиссиялық бағалау бонитирлеу кезінде аталықтар - 120, аналықтар -100 балдан кем емес бағаланады.



МӘМС ЕСЕБІНЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі азаматтарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры есебінен медициналық қызметтердің кең спектрін алуға мүмкіндік береді. МӘМС жүйесінің артықшылықтарын пайдалану үшін бірнеше қарапайым қадамдарды орындау қажет.

1-ҚАДАМ.

Медициналық ұйымға тіркелу

Ең алдымен, сіз медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға (МСАК) тіркелгеніңізге көз жеткізуіңіз керек. Бұл үшін сіздің клиникаңыз немесе емханаңыз Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан болуы тиіс.

Егер әлі тіркелмеген болсаңыз, міндетті түрде уақыт тауып, тіркеліңіз. Емханаға тіркеусіз дәрігерге бару, диагностикадан өту немесе басқа медициналық қызмет түрлеріне тегін жолдама алу мүмкін болмайды.

2-ҚАДАМ.

Сақтандыру мәртебесін тексеріңіз

МӘМС-тің кеңейтілген пакетін пайдалану үшін сізде «сақтандырылған» мәртебесі болуы керек. Сақтандыру мәртебесін тексерудің екі жолы бар:

- ▲ Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сайтында: <https://msqory.kz> (ЖСН арқылы).
- ▲ Telegram-бот арқылы: @SaqtandyryBot. Егер сіз сақтандырылмаған болсаңыз,

мәртебеңізді өзектендіру жолдарын анықтап алыңыз.

3-ҚАДАМ.

Дәрігерге жазылыңыз

Емханаға бармас бұрын учаскелік терапевтке алдын ала жазылу қажет. Бұны емхананың call-орталығы немесе тіркеу бөлімі арқылы жасауға болады.

Қабылдау күні ертерек келіп, талон алуға ұмытпаңыз. Қазіргі уақытта көптеген емханаларда электрондық кезек жүйесі енгізілген, бұл жазылу процесін жеңіл әрі ыңғайлы етеді.

Есіңізде болсын, учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз бейінді маманға бара алмайсыз.

4-ҚАДАМ. Анализдер мен

цесерулерге жолдама алыңыз

Учаскелік дәрігер қажетті анализдерге (негізгі немесе кеңейтілген тізім бойынша) жолдама береді, сондай-ақ медициналық көрсеткіштер болған жағдайда диагностикаға немесе бейінді мамандарға жібереді.

Барлық осы қызметтер тегін көрсетіледі. Бірақ жолдамалар тек медициналық көрсеткіштер болған жағдайда ғана беріледі.

Кері байланыс арналары

Медициналық қызмет алу бойынша сұрақтар немесе қиындықтар болса, келесі ресми байланыс арналарына жүгінуге болады:

- ▲ Call-орталық: 1414
- ▲ Мобильді қосымша: «Qoldau 24/7»
- ▲ Қордың сайты: <https://msqory.kz>
- ▲ Telegram-бот: @SaqtandyryBot

ТОП 5 БІРЕГЕЙ ОПЕРАЦИЯМЕН ЕМДЕУ ӘДІСІ

Жетісу облысында инновациялық тәсілдерді қолдану арқылы жоғары технологиялық күрделі операциялар сәтті жүргізілуде.

2024 жылы МӘМС аясында жасалған ТОП 5 бірегей операциялар мен емдеу әдістерін назарларыңызға ұсынамыз.

1. Инсультті емдеуде алғаш рет инновациялық тәсіл қолданылды.

Талдықорған қаласының облыстық ауруханасының дәрігерлері сол жақ ортаңғы ми артериясы бассейнінде жіті ишемиялық инсультке шалдыққан 76 жастағы науқасқа бірегей операция жасады.

Өңірде алғаш рет қолданылатын емдеу әдісі «стент-ретривердің көмегімен механикалық рентгенэндоваскулярлық тромбозэкстракция» деп аталады. Ол мидың бітелген тамырынан тромбты механикалық түрде алып тастауға мүмкіндік беретін арнайы медициналық құралды - стент-ретриверді қолдануға негізделген.

Процедура рентгендік бақылау арқылы жүзеге асырылады, бұл дәл және қауіпсіз араласуды қамтамасыз етеді.

2. Облыстық кардиологиялық орталықта аритмияны емдеу үшін алғаш рет инновациялық әдіспен жүрекке ота жасалды.

Аритмияға шалдыққан Талдықорған қаласы тұрғынының жүрегіне криоабляция әдісімен ота жасалып, митральды қақпақша протезі орнатылды.

Жоғары технологиялық криоабляция әдісі жүректің белгілі бір аймақтарын жоғары температурада мұздату арқылы емдейді, бұл дәстүрлі тәсілдерге қарағанда асқын қауіпін төмендетеді және науқастың қалыпты өмір салтына оралуын жылдамдатады.

Айта кетейік, бұл ота әлемге әйгілі кардиохирург, Германиядан келген профессор Торстен Ханкенің жетекшілігімен мастер-класс аясында алғаш рет жасалды.

3. МӘМС шеңберінде тізе буынын эндопротездеу.

Талдықорған қаласындағы «ХАК» медициналық орталығында 66 жастағы пациентке тізе буынын алмастыру бойынша ота жасалды.

Ұзақ жылдар бойы тізесі ауырып қиналған зейнеткер, қазір қайтадан еш ауыртпашылықсыз қозғалыс еркіндігіне оралды.

Тізе буынының эндопротезі ортопедиялық тәжірибеде буынның функцияларын қалпына келтіруге және пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ең көп сұранысқа ие операциялардың бірі.

4. Алғаш рет облыстық ауруханада жедел промиелоциттік лейкозға шалдыққан әйел сырқатынан толығымен айықты.

Талдықорған облыстық ауруханасының гематология бөлімінде алғаш рет жедел миелоидтық лейкоздың ең агрессивті түрлерінің бірі, жедел промиелоциттік лейкозбен ауырған науқас сәтті емделді.

Сүйек кемігінде қатерлі жасушаларды толық басуға бағытталған ем заманауи химиотерапия схемаларын қолдану арқылы жүргізілді. Нәтижесінде, 36 күннен кейін пациент аурудың толық ремиссиясына жетті.

5. Талдықорғандық травматологтар жол апаты салдарынан қозғалыссыз қалған азаматты аяққа тұрғызды.

Талдықорған қаласының облыстық ауруханасының травматологтары жол апаты салдарынан бірнеше сүйегі сынған Алакөл ауданының тұрғынын аяққа тұрғызды.

Жамбас сүйегі, бұғана және мықын сүйектері сынған науқас бірнеше күрделі жоғары технологиялық операциялардан өтіп, жарақаттан кейінгі алғашқы қадамдарын жасады.

Сынған сүйектерді қалпына келтіру үшін жабық репозиция әдісі және жоғары дәлдікті қамтамасыз ету мақсатында заманауи рентгендиагностикалық аппарат қолданылды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

І.ЕСЕНБЕРЛИНГЕ – 100 ЖЫЛ

ІЛІЯС ШЕЖІРЕСІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында Қазақстанның халық жазушысы Ілияс Есенберлиннің туғанына 100 жыл толуына арналған кітап көрмесі өтті.

Көрмеге шекара басқармасы күзет тобы сарбаздары мен топ офицері, капитан Слям Ерасыл қатысты. Шарада жазушының өмірбаяны, еңбек жолы, әдебиеттегі өзіндік орны туралы айтылып, кітапхана қорындағы кітаптарымен таны-

стырды. Жазушының қазақ хандығының бес ғасырға жуық тарихын қамтитын шығармалары ұрпақ үшін орны бөлек туындылар екені сөзсіз.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Талдықорған индустриялық колледжінде биылғы жылы колледж қабырғасын тәмамдайтын білім алушылармен көктемгі әскерге шақыруға дайындық жұмысын жүргізу мақсатында шара өтті. Талдықорған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы, полковник М.Дүйсенбеков және Алакөл ауданы бойынша Шекара басқармасының әскери қызметкері, майор Ж.Рахимжанов Қарулы күштер қатарына шақыру тәртібін түсіндірді. Әскерге шақырылушылардың денсаулығы, физикалық және моральдық іскерлік қасиеттері, сондай-ақ, алған мамандықтары ескере отырып таңдалынатынын айтты.

Қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы, полковник М.Дүйсенбековтің айтуынша, армияда белгіленген мерзімде қызмет еткен әскери қызметшілер жоғары оқу орындарына ҰБТ тапсырусыз тегін түседі, сондай-ақ несиелер бойынша әскерге шақырылушылар үшін төлемдер он үш айға уақытша тоқтатылады.

Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының әскери қызметкері, майор Ж.Рахимжанов білім алушыларды отанымыздың шекарасын қорғауға қазіргі таңда

патриоттық сезімі мықты, Отанға деген сүйіспеншілігі жоғары азаматтардың керек екенін айтты.

Кездесу барысында білім алушылар өздерінің көкейтесті сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алды.

М. ДЖАМБУЛБАЕВ,
Талдықорған индустриялық колледжінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні жетекшісі

БИЫЛДАН БАСТАП САЛЫҚ ШЕГЕРІМДЕРІ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде көпбалалы отбасылар, ипотекалық төлем және оқу ақысы бойынша жаңа салық нормасы қолданыла бастауы тиіс. Ол қандай норма және қалай жүзеге асады? Бұл туралы kaz.inform.kz хабарлайды.



теңге ұсталса, салық шегерімін қолданған сәттен бастап 41 мың теңге ұсталары.

ОҚУ АҚЫСЫ

Салық шегерімі мына оқу түрлерінің төлеміне қолданылады:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру;
- Техникалық және кәсіптік білім беру;
- Арнаулы орта және жоғары білім;
- Салық шегерімінің шекті сомасы — бір күнтізбелік жылда 118 АЕК-ке дейін. Демек, оқу ақысынан 463,9 мың теңге ЖТС-тен босатылып, ата-ана 46,3 мың теңге үнемдеп қала алады.

Бұндай жеңілдікті 21 жасқа толмаған студент баласының оқу ақысын төлеу кезінде ата-ана да, білім алушының өзі де пайдалана алады.

Оны алу үшін білім беру қызметін көрсететін ұйыммен жасалған келісім мен төлемді растайтын құжаттарды көрсету керек.

ИПОТЕКА СЫЙАҚЫСЫ

2024 жылдың соңына дейін ипотекалық қарыз сыйақысы бойынша салық шегерімі «Отбасы банк» клиенттеріне ғана жасалып келді. 2025 жылдан бастап мұндай жеңілдік кез келген екінші деңгейлі банктерден алынған ипотекаларға да қолданылады.

Салықтық шегерімді жасату үшін бухгалтерия не кадр бөліміне өтініш жазып, мына құжаттарды көрсету керек:

- ипотекалық тұрғын үй займы туралы келісім;
- ипотекалық тұрғын үй займын өтеу кестесі;
- төлем жасалғанын дәлелдейтін құжаттар.

Заңға сай ма көрсету қажет.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Салық кодексінің 8-бөлімі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI ҚР заңы негізінде жұмыс істейді.

Бұған дейін осы кодекстің 8-бөлімі 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатылған.

Мемлекеттік органдар өлденеше рет осы тыйым 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін созылады деп мәлімет бергеніне қарамастан, әлі күнге ондай норма жарияланған жоқ.

ОТБАСЫ
БАНК«ЖЕТИСУ ЖАСТАРЫ»
БАҒДАРЛАМАСЫ

Өтінім қабылдау уақыты / время приема заявок 13.01.2025 – 17.01.2025

Көптен күткен Талдықорған жастарына
арналған керемет жаңалық!

«Отбасы банк» АҚ мен Талдықорған қаласы әкімшілігі екіжақты «Жетісу Жастары» атты жас азаматтарымызға арналған бағдарлама қайта іске қосылатындығы жайлы жариялады.

ТАЛАПТАРЫ:

- Жергілікті атқарушы органда кезекте тұру;
- 21-ден 35 жасқа дейінгі азаматтарға;
- Бастапқы жарна - 0% бірінші нарықтағы үйге, 10% екінші нарықтағы үйлерге.
- Несие сомасы 10 000 000 теңге.
- Несие пайызы - 5% (ЖТСМ 5,2%-ден бастап).
- Несие мерзімі - 19 жылға дейін.

Бағдарламаға 35 жасқа толмаған үй кезегінде тұрған жас азаматтарымыз қатыса алады. Талдықорған қаласында 1 жылдан кем емес жұмыс жасауы міндетті.

ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

- Қатысушы мен жұбайының жеке басын куәландыратын құжат;
- Неке/ажырасу/қайтыс болу туралы куәлік;
- Балалардың туу туралы куәлігі;
- Жалақы туралы анықтама (соңғы бір жыл уақыт аралығында болуы тиіс);
- Қатысушы мен жұбайының (соңғы 12 айдағы) зейнетақы жарналары туралы EGOV-тен анықтамасы;
- Жеке кәсіпкерлерге қызмет көрсететін банктегі картадан үзінді көшірме (соңғы 12 ай).

Құжаттарды қабылдау мекенжайы:

Талдықорған қаласы, «Болашақ» шағын ауданы, 13 үй.

Долгожданная новость для молодежи
города Талдықорған!

АО «Отбасы банк» и акимат города Талдықорған в рамках молодежной программы «Жетісу жастары»

Условия программы:

- Быть очередником города Талдықорған;
- Возраст до 35 лет;
- Первоначальный взнос – на первичном рынке – от 0%, на вторичном – от 10%; Сумма займа – 10 000 000 тенге; Ставка вознаграждения по займу - 5% (ГЭСВ от 5,2%);
- Срок кредитования до 19 лет.

В программе могут участвовать граждане города Талдықорған, не достигшие 35 лет, со стажем работы не менее 1 года в городе Талдықорған.

СПИСОК ДОКУМЕНТОВ:

- Документ, удостоверяющий личность Участника и супруга(-и);
- Свидетельство о заключении / расторжении брака / Свидетельство о смерти;
- Свидетельство о рождении детей;
- Справка о заработной плате (за последний год);
- Выписка о пенсионных отчислениях Участника и супруга(-и) (за последние 12 месяцев) с EGOV;
- Для владельцев ИП – справка с банковского счета за последние 12 месяцев;
- Адресные сведения на всех членов семьи (скрин с личного кабинета EGOV);
- Справка территориального органа юстиции на всех членов семьи (о наличии или отсутствии у заявителя и постоянно проживающих с ним членов семьи жилища, принадлежащего им на праве собственности по РК).

Для подачи заявки на конкурс обращаться по адресу: город Талдықорған, мкрн. «Болашақ» 13 дом

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай жинақ шығарылуына байланысты Ұлы Отан соғысына Жетісу өңірінен аттанған майдангерлер туралы дәлелденген мәлімет болса, Жетісу облысының мемлекеттік архивіне хабарласыңыздар!

Мекенжайы: Талдықорған қаласы, «Самал» ш/а, 10 үй.

Эл.почта: zhetisu.archiv@mail.ru.

Телефон: 8 72 82 25 34 54, 25 07 37.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Государственный архив области Жетісу планирует в ближайшее время издать сборник, посвященный 80-летию Великой Победы. Книга будет посвящена нашим согражданам, отправившихся из Семиречья (ныне область Жетісу) на фронты Великой Отечественной войны. Если у Вас имеются достоверные сведения о наших земляках фронтовиках, просим обращаться в Государственный архив области Жетісу!

Адрес: г. Талдықорған, мкр. «Самал», д. 10.

Эл. почта: zhetisu.archiv@mail.ru

Телефон: 8 72 82 25 34 54, 25 07 37.

қаңтар күні, ал қорытынды кезеңі 24 қаңтар күні өтеді.

Байқауға қатысу туралы тапсырыстар 2024 жылғы қаңтардың 15-іне дейін қабылданады.

Байқауға мектептер мен оқу орындарында, мекеме, ұйымдарда, сондай-ақ аудан мен қалаларда, басқа аймақтарда іріктелінген жас таланттар қатыса алады.

Байқауды ұйымдастырушылар

«Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Өтенай ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Байқау номинациялары

1. Белгілі бір аспапта ойнап, ән салатындар арасында:

- ҰОС 80 жылдығына арналған әні-1

- Өзге ұлт өкілдерінің әні-1

2. Эстрадалық ән орындайтындар арасында:

- ҰОС 80 жылдығына арналған әні

- Өзге ұлт өкілдерінің немесе алыс-жақын шетел композиторларының шығармалары - 1;

Байқауға жеке азаматтармен қатар ұжымдық түрде де /ансамбльдер, вокалдық топтар (дуэт, трио, квартет)/ қатысуға болады.

Оркестрлік сүйемелдеу тек фонограммалық жазу (минусовка) арқылы орындалады.

Байқау жеңімпаздарына дипломант атағы беріліп, сыйлықтар тапсырылады.

Жас орындаушылар байқауға қатысу жөніндегі құжаттарды мына мекенжайға жолдауы тиіс:

Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы,

Тілек Әбжалиев көшесі, 34, Өтенай ауылдық мәдениет үйі, 105 бөлме,

байланыс телефондары: 22-99-75, 8-771-450-87-91

«@otenai.dk» инстаграмм желісі.

МЫ И БЕЗОПАСНОСТЬ

КРЕЩЕНСКИЕ КУПАНИЯ

В ночь с 18
на 19 января

Крещенские купания в городе Талдықорған будут организовано проводиться на реке Каратал в районе: ниже автодорожного моста дачного общества «Красный камень» (конечная остановка маршрутов автобусов № 1, 3, 18).

Пик мероприятия рассчитан в ночь с 18 на 19 января между 22.00 и 02.00.

Для обеспечения правопорядка и безопасности проводимых мероприятий будут задействованы сотрудники управления полиции города, специалисты управления по чрезвычайным ситуациям, оперативно-спасательного отряда, скорой медицинской помощи.

О ПРАВИЛАХ ПОВЕДЕНИЯ ПРИ КРЕЩЕНСКИХ КУПАНИЯХ

До проруби нужно идти в обуви, так как ноги замерзают первыми. Раздеваться до купальника – постепенно. Можно растереть тело жирным кремом или выпить столовую ложку рыбьего жира.

После купания нужно сначала хорошо растереться полотенцем, потом одеться и выпить что-нибудь горячее.

Кстати, медики напоминают, что купание в крещенские морозы полезно лишь закаленным людям. Нельзя окунаться в холодную воду людям с бронхолегочными заболеваниями, со слабым сердцем, проблемами с давлением.

Правила при купании:

- не оставлять детей без присмотра;
- не выходить на лед большими группами;
- не распивать спиртные напитки;
- не выезжать на лед на автотранспорте;
- запрещается купание без представителей служб спасения и медицинских работников.

При купании необходимо будет соблюдать социальную дистанцию, индивидуальную безопасность всем, кто будет принимать участие в данных мероприятиях.

Комиссия по предупреждению ликвидации ЧС г. Талдықорған

БЫТОВОЙ ГАЗ –
ОПАСНОСТЬ ВЗРЫВА!

Пожары часто происходят из-за взрыва бытового газа. Основной причиной взрывов является нарушение требований правил безопасности при эксплуатации газовых приборов. Напоминаем о мерах пожарной безопасности при использовании бытовых баллонов сжиженного газа!

Природный газ, применяемый в быту, обладает рядом достоинств: полностью сгорает, является сравнительно дешевым топливом. В то же время газ имеет повышенную пожарную опасность. На территории г. Талдықорған произошел ряд чрезвычайных ситуаций, приведших к трагическим последствиям, связанным с взрывами бытового газа и газовых баллонов, вследствие нарушения правил их обслуживания, эксплуатации и хранения.

Применяемый для отопления и бытовых нужд газ, смешиваясь в определенной пропорции с воздухом, образует взрывчатую смесь. Газ может взорваться, если из-за неисправности газопровода или беспечности жильцов проник в помещение.

Бытовой газ не только благо для человека, но и источник повышенной опасности. В быту используют два вида природного газа: газ, который поступает в дома по трубам, и газ в баллонах – сжиженный.

Бытовой газ может вызвать отравление или привести к взрыву. Поэтому, чтобы обеспечить себе безопасность и не подвергать себя и жизни окружающих вас людей смертельной угрозе, помните и соблюдайте Правила пользования газом и бытовыми газовыми приборами.

С целью недопущения взрывов бытового газа необходимо знать и неукоснительно соблюдать следующие правила пользования газовыми приборами и ухода за ними:

- заправляйте газовые баллоны только в специализированных пунктах;
- самостоятельно не подключайте и не отключайте газовые плиты в квартирах;
- убедитесь перед заменой баллона, что краны нового и отработанного баллонов закрыты;
- воздержитесь от замены газового баллона при наличии рядом огня, горячих углей, включенных электроприборов;
- используйте для соединения баллона с газовой плитой специальный гибкий резиновый шланг, длиной не более метра, зафиксированный с помощью зажимов безопасности.

Ж.ОРЫСБАЙ,
ст. инженер УЧС г. Талдықорған
ст. лейтенант гражданской защиты

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҒЫ» ЖШС

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА

ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.

ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.

Тапсырыс №56 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған к., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.